



Бекітемін:
"Шуакты Шұғыла" бөбекжай
балабақшасының
меңгерушісі
Назарханова А.А

Ертеңгілік «Жаңа жылда жаңа жыр»



«Балдәурен» ортаңғы тобы

Тәрбиешілер: С.К.Сарсенбаева
А.О.Акижанова

2023

Сценарий тақырыбы: «Жаңа жылда жаңа жыр»

Сценарий мақсаты: балаларда мерекелік көңіл күй тудыру; шыршаның қалай әдемі де сәнді безендірілгеніне, **балалардың:** Аяз атаның, Ақшақардың, Жалмауыз кемпірдің карнавалдық киімдеріне назар аударту; көңілді ойындар ойнату, достық қарым-қатынасын ояту, бірлескен ойындар ойнату, аудиторияға мерекелік көңіл күй жасау.

Сценарий түрі: карнавал

Сценарий барысы:

Жалмауыз кемпір Дидар апай

Аққала Гүлдана апай

Қоян Эльмира апай

Аяз ата Бекзат аға

Ақшақар Арай апай

Түлкі Алмагүл апай

Ұлу Назым

Музыка ойнап тұрады.

Жүргізуші: (жүргізушінің дауысы тыс жерден шығады)

Тезірек, тездетіп мында жиналыңдар,

Басталады **Жаңа жылдық** карнавал,

Маска да бар, би де бар, асығыңдар,

Шырша жанында қонақтарды қарсы алыңдар.

Аязата шақырғанның бірі дағы қалмайды,

Басталады, басталады, **жаңажылдық** карнавал!

Карнавалдың иелерін қарсы алайық! (қол шапалақтау, оқушылар екі- екіден залға кіреді)

Жүргізуші: Армысыздар, аяулы ұстаздар, ата-аналар!

Сәлеметсіздер ме, балалар. Сендер бүгін, сәнді киініп, әдемі болып кетіпсіңдер. Мына жерде Джунглидің барлық аңдары, сүйікті ертегілеріміздің кейіпкерлері де жетіпті. Ал, бүгін балалар, қандай мереке?

Балалар: Жаңа жыл!

Жүргізуші: Балалар, бүгін біз **жаңа жылды** қарсы алуға жиналдык. Келіндер, Сән құрап тұрып, қол ұстасып жүріп ән салайық.

Ән

Жүргізуші: Балалар, ортамыздағы әсем не?

Балалар: Шырша!

Жүргізуші: Шыршамыз қандай әдемі! Ойыншықтары неткен көп!

Ал, кім бізге шыршаға арнап өнерін көрсетеді?

Би:

Жүргізуші: Жарайсың, қандай жақсы өнерлерің! (шыршаның жанына жақындап келіп) Бәрекелді, қараңдар балалар, шыршаның астында бірдеңе

тұр! Кім екен бұл? (көңілді муз. Ойнайды, қорапты ашады, оның ішінен Аққала атып шығады)

Аққала: Амансыңдар ма, балалар! Иә, бұл менмін. Аққаламын. Мерекелерің сондай тамаша екен! Мен де сендермен **жаңа жыл**ды қарсы алайыншы, Сендермен бірге қызықты ойындар ойнайыншы!

Жүргізуші: Онда ойын ойнайық

Ойын:

Жүргізуші: Балалар, бізде шыршамыз бар, әдемі киінген балаларымыз бар, Ата-аналарымыз, көрермендеріміз де бар екен, енді, біздің **жаңажылдық** мерекемізге кім жетіспейді?

Балалар: Аяз ата, Ақшақар.

Жүргізуші: кәне, онда Аяз атаны шақырайық. Бар дауыспен айқайлайық.

Балалар: Аяз ата, Аяз ата (деп 2 рет айтқанда, есік ашылады да, сыпырғышына мінген Жалмауыз кемпір жүгіріп кіреді.)

Жалмауыз кемпір: Ойбай түрлерін қара! Неге тамақтарыңды жыртып жатырсыңдар?!

Жүргізуші: Ал, сен неге амандаспайсың? Әдепті адам алдымен амандасып алады дегенді білмейсің бе?

Жалмауыз кемпір: Білсем бұйырмасын!

Жүргізуші: Мұны тіпті мына бүлдіршіндеріміз біледі. Ал, сен сияқты үлкен адамға ескертудің өзі ұят. Сен , мектепте, балабақшада оқымадың ба?

Жалмауыз кемпір: Оқыған жоқпын! Маған бір танысым – Орман перісі-мектепте сондай қызықты болады, бір барып көрсең, көрсең ғой деп қоймап еді, ал, бардым Онда кешке дейін тақпақ-әндер, көбейту кестесін жаттатады, ал мұғалімдері бұрамалы ойыншық сияқты: қанша? Неше? Қайда? Ойланыңдар, ойланыңдар дейді де жатады, не одан басқа сөз жоқ па? Еще 1 күн балабақшада жүресін, сабақ оқып отыру керек. Бүйткен балабақша құрысын!

Жүргізуші: Балалар, Жалмауыз кемпір шын айтып тұр ма? Балабақшада көңілсіз бе? Айтыңдаршы балабақшаға не үшін барады?

Жүргізуші: Дұрыс айтасыңдар, балалар. (Жалмауыз кемпірге қарап) Түсіндің бе? Сен өзі қайдан шықтың? Біз Аязатаны шақырып едік қой?!

Жалмауыз кемпір: Ал, мені мерекеге неге шақырмайсыңдар?

Аяз ата сендерге бәрібір келмейді, өйткені мен ормандағы жол көрсететін белгіні алып тастадым, енді ол жол таба алмайды ха-ха-ха(деп секіреді)

Жүргізуші: неге олай еттің? Аяз ата, Ақшақарсыз қандай **жаңа жыл** келмек?

Жалмауыз кемпір: ә, бәлем, солай ма екен! Әйтпесе мектеп... оқу... жазу... Енді, сендерді мен оқытамын! Қазір көздерінді жұмындар фокус покус көрсетемін. Фокус покус.....(түлкі келеді)

Түлкі: Сәлем, сәлем балапан. Сәлем, сәлем Мыстан. Аяз аталарын Ашақарларын жоқ па? Хахахах Мыстан сенің жұмысына таңқаламын.

Мыстан: Енді ол мен ғой, бәрінің басын қатырып, мерекесін құртамын. Түлкі екеуміз қосылсақ бүкіл әлемді жаулаймыз.

Түлкі: Дұрыс айтасыз, бірақ тыныш оын балалар естіп қоймасын. Әзірге балаларды алдай тұрайық. Сенімдеріне кіріп алып, кейін оларды да алдап кетеміз. Ал балалар Аяз ата Ақшақар жоқ, ондеше бірге ойын ойнайық

Ойын:

Қоян: (жүгіріп келіп) Сәлем сәлем балалар, сендерге әрең жеттім. Аят ата адасып қалыпты. Мәссаған шырша жанбапты, балалар көңілсіз, Ақшақарда жоқ.

Жүргізуші: Сәлем ескі жыл қоян. Мұңайма амалын тауып Аяз ата мен Ақшақарды шақырамыз. Біз саған өнерімізді көрсетейік.

Би:

Қоян: Қандай тамаша, неткен өнерлісіңдер.

Жүргізуші: Түлкі, мыстан сендерді түсінбедік, Аяз ата мен Ақшақарды қайтармайсындар ма?

Аққала: Қайтаршы Аяз атаны Ақшақарды.

Жалмауыз кемпір: Жарайды, жарайды. (балаларға қарап: балалар шырша әдемі болып жану керек қой иә?)

Балалар: Иә!

Жалмауыз кемпір: Онда, кәне жағып жіберейік! (қолына сіріңкесін алып, жаға бастайды)

Жүргізуші: Жоқ! Жоқ! Мына Жалмауыз кемпірден құтыла алмадық қой! (осы кезде боранның гуілдеген дыбысы естіледі. Жалмауыз кемпір тоңа бастайды да, біреулердің киімдерінің астына кіріп, ата-аналарға тығылып, соңында шыршаның астына тығыла бастайды)

Алыстан Аязатаның дауысы естіледі.

Жүргізуші: Аязата, Ақшақар келе жатыр ғой деймін, шақырайық, қол соғайық, болған қиындықтарды ұмытайық!

Балалар: Аязата, Ақшақар!

Аязата:

Сәлематсындар ма, балалар!

Күнтізбеде қалыпты

Жалғыз ғана бір парақ.

Дайындалдым **жыл** бойы,

Жолға шығар келді уақ!

Шақырымды жүздеген

Басып өту мен үшін

Жаңа жылдың түнінде

Жасыл шырша түбінде

Кездесем деп сендермен,

Таратсам екен сыйлықтар,

Одан асқан не сый бар.

Қуаныш сыйлау балаға

Одан зор бақыт бола ма!

Сендерді көргеніме сондай бақыттымын!

Аязата: Балалар, мына шыршамыз көңілсіз тұрған сияқты ғой. Кәне, сиқырлы сөздерімізбен оның шамдарын жарқыратайық!

Қуант, бізді таңырқат

Шамдарыңды жарқырат! (3 рет айту керек)

Балалар: Қуант, бізді таңырқат

Шамдарыңды жарқырат! (қолдарын шапалақтатады)

Шырша жарқырайды.

Аязата: балалар, менің қарша қызым қайда жүр екен, кім тауып береді екен маған?

Аязата: бәрежелді, бәрежелді. Менің Ақшақарым қазір келіп қалар, мынандай тақпақтан кейін кідірмес. Аққала балам, кәмпит берейік екеуіміз тақпақ айтқан балаларға (кәмпиттерін береді)

Жүргізуші: Аязата, мен де, жұмбақтап жіберсем қайтеді?

Ертегідей орманнан

Көктей өтіп келеді.

Сұңғақ бойлы бір сұлу

Табындаршы, аты кім?

Балалар: Ақшақар!

(музыкамен Ақшақар келеді)

Ақшақар: Сәлематсыңдар ма, балалар! Орманды көктей өтіп жеттім-ау сендерге! Қандай әдемі, неткен сұлу шырша!

Мен білемін бір ойын:

Үйретейін сендерге

Мен бастаймын, ал, сендер

Аяқтаңдар ойынды.

Хормен жауап айтыңдар!

Қарға мүлгіп дала тұр,

Келе жатыр....

Балалар: **Жаңа жыл!**

Ақшақар: Қызыл мұрын, ақ мұртты

Білсең атын тез ата,

Келеді бізге\

Балалар: Аязата!

Ақшақар: Көңілсіз бір бала жоқ,

Ойын- күлкі таралсын

Құтты болсын

Балалар: **Жаңа жыл!** (3 рет)

Жаңа жыл келеді.

Жаңа жыл: Кім десеңдер, мен **жаңа жыл**мын, ұлумын,
Жылдам емес байыптымын.

Мен әкелген **жаңа жыл** сендерге үлкен табыс, денсаулық, жақсы оқу салауат,
Қоян: Қош келдің Ұлу. Сені асыға күттік. Мен ескі жылды абыроймен
атқардым. Елімізге жақсылық ала келдім. Енді жаңа жылды саған табыстадым.
Ал ендеше қоштасатын сәтте келді. Сауболыңдар балалар.

Жүргізуші: Сауболыңыз ескі жыл.

Аязата: Саубол қоян. Бәрекелді, үлкен сый кәпитімізден **Жаңа жыл**ға да беріп
қояйық.

Жаңа жыл: Балалар менің жылымда сендерге тек жақсылық әкеледі деп
сенемін. Енді балалар, мына шыршаға арналған, маған, келген **Жаңа жыл**ға,
Ақшақарға арналған өнерлерің болса, аямандар!

Тақпақтар:

Жүргізуші: біздің балалардың өнерлері көп, әрі қарай тамашалай берейік.

Аязата кәмпиттерін таратады.

Жүргізуші: Кәне, балалар, бәріміз «Шырша» әнін жақсылап айтып жіберейік,
Аязатамызбен Ақшақарымызбен, **Жаңа жыл** бар, Аққала бәріміз!

Ән:

Аязата: Мінекей, балалар, сендермен қоштасатын да кез келді.

Ақшақар: сендерді қимай тұрмыз, барлығың да көңілді, әдемі бала
екенсіңдер.

Аязата: **Жаңа жыл**да, балалар,

Тек қуаныш көріңдер.

Ауырмандар ешқашан,

Мықты болу өзіңнен.

Ақшақар: **Жаңа жыл**да, балалар,

Тек жақсылық көріңдер.

Жылау, ауру, жамандық

Қастарыңда болмасын

Сау болыңдар, балалар





